

ПРАКТИКАЛЫҚ ТУРДЫҢ ЖАУАПТАРЫ 11 СЫНЫП

1 - Тапсырма. Төменде сипатталған фактілердің біреуін әр өзенмен сәйкестендіріп, төмендегі кестені толтырыңыз. Келтірілген фактілердің біреуі артық.

(Ескертпе: бассейн бағаныңда мұхит және өзен құятын теңіз / шығанақ / көл немесе дәлірек су айдынын атау мүмкін болмаса, тек мұхит көрсетілуі керек)

№	Өзеннің атауы	Ұзындығы, м	Өзеннің орташа ағысы, м ³ /с (мәліметтер жобаланып алынған)	Ағын алабы (өзеннің сағасы)	Шекаралас елдердің саны	Факт
1	Замбези	2660	3 400	Үнді мұхиты (сонымен қатар, Мозамбик бұғасы, Үнді мұхиты жауабы саналады)	6	Г
2	Ганг	2510	14270	Бенгал шығанағы, Үнді мұхиты	2	А
3	Меконг	4500	16000	Оңтүстік - Қытай теңізі, Тынық мұхиты	6	Е
4	Маккензи	1738	10300	Бофорт теңізі, Солтүстік мұзды мұхиты	1	В
5	Евфрат	2700 (негізгі саласымен - 3065)	300—400	Шатт-эль-Араб (сонымен қатар, Парсы шығанағы, Үнді мұхиты жауаптарын санауға болады)	3	Б

А. Әлемдегі ең лас өзендердің бірі, сонымен қатар діндердің бірінде қасиетті мәртебеге ие.

Б. Бұл және оған параллель ағып жатқан және ұзындығы қысқарақ көршілес өзен ежелгі өркениеттердің бірі пайда болған аймаққа атау берді.

В. Бұл өзеннің алабы әлемдегі 8-ші, 10-шы және 22-ші үлкен көлдерді біріктіреді. Дүниежүзілік мұхиттардың біріне түсетін тұщы судың 11%-ы осы өзен арқылы өтеді.

Г. Бұл өзенде төрт елдің шекарасының қиылысу нүктесі және әлемдегі ең үлкен сарқырамалардың бірі орналасқан.

Д. «Түрлі-түсті» өзен. Бұл өзеннің бастауы да, сағасы да мемлекеттердің шекарасында орналасқан.

Е. Оның көлден ағып жатқан таңғажайып саласы бар, бірақ жылдың белгілі бір уақытында бағытын өзгертіп, көлді өзен суымен толтырады. Ол әлемдегі ең үлкен атыраулардың (дельталардың) біріне ие (4-5 орын).

Бағалау критерийлері: Әр дұрыс жауапқа 1 ұпайдан. **Барлығы 15 ұпай!**


2 - Тапсырма. Төменде сөнбеген және сөнген жанартаулар атаулары берілген. Олардың қандай жанартау типіне жататынын және олардың қай мемлекетте орналасқанын табыңыз.

Сөнбеген жанартаулар		Сөнген жанартаулар	
Атауы	Мемлекет	Атауы	Мемлекет
Сан-Педро	Чили	Сахама	Боливия
Сангай	Эквадор	Чимборасо	Эквадор
Керинчи	Индонезия	Үлкен Арарат	Түркия
Этна	Сицилия(Италия)	Аконкагуа	Аргентина
Попокатепетль	Мексика	Марумукутру	Мадагаскар

Марумукутру, Сан-Педро, Аконкагуа, Сангай, Керинчи, Үлкен Арарат, Этна, Сахама, Попокатепетль, Чимборасо.

Бағалау критерийлері: Әр жанартаулардың типін дұрыс анықтағаны үшін 0,5 ұпайдан, орналасқан мемлекетін дұрыс анықтағаны үшін 0,5 ұпайдан. **Барлығы 10 ұпай!**

3 - Тапсырма. Төмендегі суретте ауа – райы құбылыстарының бірінің қозғалыс бағыты көрсетілген. Үшбұрыштар мен шеңберлер осы құбылысты өлшеу үшін қолданылатын маңызды көрсеткіштердің бірінің мәндерін білдіреді.



1. Бұл құбылыс әлемнің осы бөлігінде қалай аталады? **Дауыл (1 ұпай)**
 2. Қандай көрсеткіш сандық мәндермен өлшенеді және қозғалыс диаграммасында шеңберлер мен үшбұрыштардың түсімен көрсетілген? **Желдің жылдамдығы (1 ұпай)**
 3. Бұл құбылыс қайдан басталады: солтүстіктен немесе оңтүстіктен? **Оңтүстіктен (1 ұпай)**
 4. Бұл құбылыстың әрекет ету бағытын түсіндіріңіз. Бұл қозғалыс әрекетін түсіндіретін күш қалай аталады? **Кориолис Күші / Жердің айналуы Солтүстік жарты шарда қозғалатын нысандарды оңға бұрады (1 ұпай)**
 5. Құбылыстың қозғалу процесінде сандық көрсеткіштің өзгеруін сипаттаңыз. Ол қай кезде төмендей бастайды және неге? **Дауылдың жермен түйісу нүктесінде (1 ұпай) - дауылдың негізгі энергия көзі: судың булануы, ал құрлықта дауыл әлсірей бастайды (1 ұпай). Барлығы 2 ұпай**
 6. Бұл құбылыстың пайда болуының екі негізгі шартын атаңыз. **Жер бетіндегі жылы су, тропиктік ендік (сонымен қатар, желдің тұрақты соғуы жауабы да қабылданады). Барлығы 2 ұпай.**
- Бағалау критерийлері:** 1-4 сұрақтарға дұрыс жауап бергені үшін 1 ұпайдан, 5 және 6 сұрақтарға дұрыс жауап бергені үшін 2 ұпайдан. **Барлығы 8 ұпай!**

4 - Тапсырма. Төмендегі тапсырмада бір типті 7 белгілі нысандардың сипаттамасы берілген. Жасырылған нысандарды табыңыз.

1. Бұл нысанның құрылысы қазіргі кездегі ірі экологиялық апаттың себептерінің бірі болып табылады. Бұл нысан, орналасқан елдің көп бөлігін алып жатқан шөлді, кесіп өтеді. **Қарақұм каналы**
2. Нысан билеушінің құрметіне аталған. Бұл нысан орналасқан мемлекеттің бұрынғы астанасынан теңізге тікелей саяхат жасауға мүмкіндік береді, соның арқасында бұл ел алғаш рет Англиямен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. **Беломорканал**
3. Бұл нысан көбінесе өзі орналасқан әлемнің бір бөлігінің атымен аталады, өйткені ол аймақтың екі маңызды көлік артериясын байланыстырады. **Рейн-Майн-Дунай Каналы (Майн-Дунай/Еуропалық канал)**
4. ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра нысаны. Ол екі мың жылдан астам уақыт бойы, біздің заманымыздың 8 ғасырына дейін салынған. Бұл нысан ғарышкердің айтуы бойынша, ғарыштан көрінетін басқа нысан туралы әйгілі мифтің себебі болып табылады. **Ұлы канал (Қытай)**
5. Тізімдегі барлық нысандардың ең қысқасы, ұзындығы небәрі 6400 метр. Қазіргі уақытта нысан өзінің еніне байланысты экономикалық тұрғыдан өзектілігі төмен, бірақ ол сонымен бірге оны танымал туристік орынға айналдырады. Бұл нысанның жанында Истмия ауылы орналасқан, онда төрт жалпыхалықтық жарыстардың бірі өткен. Осы төрт жарыстың бірінің заманауи жалғасы жақында Бейжіңде өтті. **Коринф каналы**
6. Бұл нысанның құрылысы жалғасуда. Оның құрылысы әлемнің өзі орналасқан бөлігіндегі ең үлкен қаланың тарихи орталығы аралға айналуына әкеледі. **Стамбұл каналы**

Бағалау критерийлері: Әр дұрыс жауапқа 2 ұпайдан. **Барлығы 12 ұпай!**

БАРЛЫҒЫ 45 ҰПАЙ!